

ӘОЖ 614.2(574)(091)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ТАРИХЫ

Курбанбеков Сырым Жиенкулович

магистрант, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы, Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: PhD Мүксімов Салауат Сыйлыбайұлы

Мақалада Қазақстан Республикасындағы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің қалыптасу және даму тарихы кезең-кезеңімен талданады. Зерттеудің мақсаты – кеңестік кезеңнен бастап тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің институционалдық эволюциясын, нормативтік-құқықтық негізін және қазіргі заманғы сын-тегеуріндер аясындағы рөлін кешенді түрде көрсету. Зерттеу барысында тарихи-институционалдық талдау, нормативтік-құқықтық құжаттарға шолу, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Мақалада ХХ ғасырдың 20–30-жылдарында Қазақстан аумағында санитарлық инспекциялар мен эпидемиологиялық отрядтар құру арқылы мемлекеттік санитариялық қызметтің негізі қаланғаны, кейін Қазақ КСР-дағы санитарлық-эпидемиологиялық станциялар мен зертханалардың бірыңғай желісі қалыптасқаны көрсетіледі. Кеңестік кезеңде санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жұқпалы ауруларға қарсы күресте, жаппай иммундау жүргізуде, ауызсу мен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарды.

Тәуелсіздік жылдарында қызмет құрылымы мен өкілеттіктері бірнеше рет қайта ұйымдастырылды. 1994 және 2002 жылдардағы «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы туралы» заңдар санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындап, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жүйесін бекітті.

2010–2020 жылдары жүргізілген реформалар нәтижесінде санитариялық-эпидемиологиялық бақылау денсаулық сақтау жүйесіндегі қоғамдық денсаулық сақтау бағытымен интеграцияланып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті түрінде жаңа ұйымдастырушылық деңгейге шықты.

COVID-19 пандемиясы қызметтің маңызын ерекше айқындап, кадрлық әлеуетті, зертханалық инфрақұрылымды және тәуекелге негізделген мемлекеттік бақылауды одан әрі нығайту қажеттігін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің эволюциясы қоғамдық денсаулық сақтау институты ретінде оның функцияларының кеңеюімен, құқықтық базаның күрделенуімен және биологиялық қауіпсіздік саласындағы жаңа сын-қатерлерге бейімделуімен сипатталатынын дәлелдейді.

Кілт сөздер: санитариялық-эпидемиологиялық қызмет, қоғамдық денсаулық, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық, мемлекеттік бақылау, жұқпалы аурулар, Қазақстан, денсаулық сақтау саясаты.

Кіріспе

Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет – қоғамдық денсаулық сақтаудың негізін құрайтын, халықтың өмір сүру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және жұқпалы, паразиттік, жаппай улану сияқты қауіптерді басқаруға бағытталған мемлекеттік институт. Қазақстан заңнамасында «санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық» халық денсаулығына қоршаған орта факторларының зиянды әсері болмаған және адамның өмір сүруіне қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілген күй ретінде айқындалады.

XXI ғасырда жаһандық миграция, урбанизация, климаттың өзгеруі, азық-түлік тізбегінің күрделенуі, сондай-ақ COVID-19 сияқты жаңа респираторлық инфекциялар санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің классикалық функцияларын түбегейлі қайта ойлауды қажет етті. Бұл қызмет енді тек «санитарлық қадағалаушы» ғана емес, тәуекелге негізделген бақылауды іске асыратын, эпидемиологиялық қадағалаудың заманауи әдістерін қолданатын, коммуникация және халықпен жұмыс жүргізетін кешенді қоғамдық институтқа айналуға.

Осы контексте Қазақстан Республикасындағы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің тарихи эволюциясын талдау мемлекеттік басқару жүйесінің трансформациясын, құқықтық реформалардың логикасын және денсаулық сақтау саясатындағы басымдықтардың өзгерісін түсінуге мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – Қазақстандағы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің қалыптасу, даму және реформалану кезеңдерін айқындау, олардың әрқайсысының мазмұнын, себептері мен салдарын көрсету, сондай-ақ қазіргі кезеңдегі негізгі мәселелер мен перспективаларды талдау.

1. Қазақстан аумағындағы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің қалыптасу алғышарттары

Қазақстан аумағында жүйелі санитариялық шаралар жүргізу қажеттілігі XIX ғасырда, Степной крайда алғашқы медико-санитарлық құрылымдардың, әскери және азаматтық медицина жүйесінің пайда болуымен күшейе түсті. Патшалық билік кезеңінде оба, тырысқақ, сүзек, шешек сияқты аса қауіпті

инфекциялармен күрес көбіне ошақтық сипатта жүргізіліп, санитарлық қадағалау институционалдық түрде әлсіз болды.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1918–1920 жылдары жаппай жұқпалы аурулар – іш сүзегі, сүзек, тырысқақ, оба – кең таралып, жаңа билік алдында халықты эпидемиялардан қорғау міндеті тұрды. Осы кезеңде төтенше эпидемияға қарсы комиссиялар, санитарлық жасақтар, обаға және басқа да ерекше қауіпті инфекцияларға қарсы күрес станциялары құрыла бастады. XX ғасырдың 20–30-жылдарында санитарлық инспекциялар мен эпидемиологиялық отрядтар ұйымдастырылып, болашақ санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің негізін қалады.

1930-жылдары Қазақ АКСР мен кейінгі Қазақ КСР аумағында санитариялық-эпидемиологиялық станциялар мен бактериологиялық зертханалардың бірыңғай желісі қалыптасты. Олар ауызсу сапасын, тамақ өнімдерін, тұрмыстық және өндірістік факторларды бақылауды, жұқпалы ауруларға эпидқадағалауды жүзеге асырды. Осылайша, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет экономикалық және әлеуметтік модернизация процестерімен қатар қалыптасқан, жоспарлы шаруашылық жағдайында қоғамдық денсаулықты қорғаудың негізгі тетігіне айналды.

2. Кеңестік кезеңдегі санитариялық-эпидемиологиялық жүйенің даму ерекшеліктері

Кеңестік кезеңде Қазақстандағы санитариялық-эпидемиологиялық қызмет құрылымы мен функциялары жалпыодақтық денсаулық сақтау жүйесімен тығыз байланыста дамыды. Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігіне бағынысты санитариялық-эпидемиологиялық станциялар (СЭС), обаға қарсы мекемелер, гигиеналық зертханалар, дезинфекциялық бөлімшелер кең ауқымды профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүзеге асырды.

1940–1960-жылдары санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің басты нәтижелерінің бірі – шешекке, дифтерияға, көкжөтелге, полиомиелитке қарсы егу науқандарының кеңеюі болды. Қоршаған орта факторларын (ауызсу, ауа, тағам өнімдері, өндірістік зияндылықтар) жүйелі бақылау қолға алынып, санитарлық ережелер мен нормалар (СанПиН) біртіндеп енгізілді. Бұл кезеңде санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қатаң орталықтандырылған, басқарудың әміршіл-әкімшілік моделіне негізделді.

1960–1980-жылдары санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің материалдық-техникалық базасы нығайып, зертханалық диагностика әдістері жетілдірілді, гигиена ғылымының жетістіктері тәжірибеге енгізілді. Соның нәтижесінде бірқатар инфекциялық аурулар бойынша сырқаттанушылық көрсеткіштері айтарлықтай төмендеді, ішек инфекцияларының ірі ошақтары жойылды, оба, туляремия, бруцеллез сияқты табиғи-ошақтық инфекцияларға тұрақты мониторинг жүргізу жүйесі қалыптасты.

Алайда, жоспарлы экономика жағдайында басымдық көбіне өндірістік міндеттерді орындауға беріліп, қоршаған ортаны қорғау және халықтың денсаулық индикаторларын кешенді бағалау екінші орынға ығыстырылды. Бұл тәуелсіздік кезеңінде санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мазмұнын қайта қарауды қажет етті.

3. Тәуелсіз Қазақстандағы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің құқықтық базасының қалыптасуы

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алған кезде республикаға кең желілі, бірақ қатты орталықтандырылған және экономикалық дағдарысқа ұшыраған санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жүйесі мұраға қалды. Қаржыландырудың қысқаруы, кадрлық тапшылық, материалдық-техникалық базаның ескіруі, нормативтік құжаттардың жаңа экономикалық шындыққа сәйкес келмеуі қызметтің тиімділігіне теріс әсер етті.

Осы жағдайларда санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты құқықтық қамтамасыз ету мемлекеттің басым міндетіне айналды. 1994 жылғы 8 шілдеде «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» алғашқы ұлттық заң қабылданып, онда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік шарттары, мемлекеттік органдардың және жеке тұлғалардың өкілеттіктері мен жауапкершілігі айқындалды.

1995 жылғы Үкімет қаулысымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметі туралы Ереже бекітіліп, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің құрылымы, функциялары және басқару тәртібі нақтыланды. Мемлекеттік санитариялық дәрігерлер институты сақталып, олар мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар ретінде айқындалды.

2002 жылғы 4 желтоқсанда «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» жаңа заң қабылданды. Бұл құжат санитариялық-эпидемиологиялық қызметті заманауи талаптарға сәйкес жүйелеп, оның негізгі міндеттері мен қағидаттарын қайта формулировкалады: халықтың денсаулығын қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз етудің басымдығы, профилактикаға бағдарлану, ғылыми негізделген шешімдер қабылдау, заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершіліктің бұлтармастығы және келтірілген залалды өтеу.

Аталған заңға сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жүйесіне орталық уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізетін мамандандырылған ұйымдар (кейінгі Ұлттық сараптама орталығы және оның филиалдары) кірді. Бұл кезеңде санитариялық-эпидемиологиялық қызмет біртіндеп халықаралық стандарттарға, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына бейімделе бастады.

4. Институционалдық реформалар: 2010–2025 жылдар

2010-жылдар санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің институционалдық архитектурасы үшін реформалар кезеңі болды. Денсаулық сақтау саласын жаңғыртудың «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы профилактикалық бағытты күшейтіп, қоғамдық денсаулық сақтау функцияларын дамытуға басымдық берді.

2014 жылы Үкіметтің бірқатар шешімдерімен санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау функцияларының бір бөлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне берілді. Осылайша, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесімен біріктіріліп, инспекциялық қызметтің құрылымы өзгерді.

Бұл модель шағын және орта бизнес үшін әкімшілік қысымды төмендетуге, бақылау мен қадағалауды оңтайландыруға бағытталғанымен, медицина саласымен институционалдық байланыстарды әлсірету қаупін тудырды.

2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 Үкімет қаулысымен тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменттерінің бірқатары Денсаулық сақтау министрлігіне қайта беріліп, олардың негізінде Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің және аумақтық қоғамдық денсаулық сақтау департаменттерінің құрылуы қамтамасыз етілді. Бұл қадам санитариялық-эпидемиологиялық қызметті денсаулық сақтау жүйесімен қайта біріктіріп, эпидемиологиялық қадағалау, вакцинация, профилактикалық скрининг сияқты бағыттарды бір орталыққа шоғырландыруға мүмкіндік берді.

2020 жылғы 7 шілдеде қабылданған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық мәселелерін денсаулық сақтау заңнамасының бірыңғай құрылымына интеграциялады. Кодексте санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, биологиялық қауіпсіздік, азық-түлік және су қауіпсіздігі, еңбек гигиенасы, объектілерді жобалау мен пайдаланудағы санитариялық талаптар кешенді түрде реттеледі.

Осы Кодекс аясында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті республикалық мемлекеттік мекеме ретінде айқындалды. Комитеттің негізгі функциялары – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету, техникалық регламенттер мен санитариялық-эпидемиологиялық нормалардың сақталуын бақылау, азық-түлік қауіпсіздігін қадағалау, зертханалық мониторинг жүргізу, эпидемияға қарсы іс-шараларды үйлестіру.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың тәуекелге негізделген моделі енгізіліп, объектілер эпидемиологиялық маңыздылығы мен қауіптілік дәрежесіне қарай жіктеле бастады. Бақылау жиілігі мен көлемі тәуекел

деңгейіне байланысты дифференцияланды, бұл ресурстарды тиімді бөлуге және бизнесті артық тексерулерден қорғауға бағытталды.

COVID-19 пандемиясы (2020–2022 жж.) Қазақстандағы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің әлеуетін сынақтан өткізді. Комитет пен оның аумақтық бөлімшелері, Ұлттық сараптама орталығының зертханалары жаппай тестілеу, байланыста болғандарды іздеу, карантиндік режимдерді ұйымдастыру, шекаралық бақылау шараларын іске асыруда негізгі рөл атқарды. Осы кезеңде зертханалық база кеңейтілді, ПТР-диагностика қуаты өсті, инфекциялық аурулар бойынша электрондық есептілік және мониторинг жүйелері (e-SanEpid және басқа платформалар) енгізіле бастады.

Қызмет жұмыскерлерінің еңбегін тану мақсатында 2025 жылғы 15 қыркүйекте Қазақстанда алғаш рет санитариялық-эпидемиологиялық қызмет қызметкерлерінің кәсіби күні мемлекеттік деңгейде аталып өтті. Бұл мереке санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің «көрінбейтін майданда» халық денсаулығын қорғаудағы рөлін мойындаудың символына айналды.

5. Қазіргі жағдайы мен даму перспективалары

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қызметі көпдеңгейлі жүйе ретінде сипатталады: орталық деңгейде – Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті, аумақтық деңгейде – облыстық және қалалық департаменттер мен басқармалар, сондай-ақ Ұлттық сараптама орталығының филиалдары, ерекше қауіпті инфекциялар бойынша мамандандырылған зертханалар әрекет етеді.

Соған қарамастан, бірқатар жүйелік мәселелер сақталуда:

Кадрлық әлеует. Санитариялық дәрігерлердің, эпидемиологтардың, гигиенистердің орташа жасы өсуде, жас мамандарды тарту қиындықтары байқалады; санитариялық-эпидемиологиялық профиль бойынша білім беру бағдарламаларын жаңарту қажет.

Материалдық-техникалық база. Өңірлердегі кейбір зертханалардың жабдықтары моральдық тұрғыдан ескірген, озық молекулалық-генетикалық әдістерді толық көлемде енгізу үшін қосымша инвестициялар керек.

Цифрландыру деңгейі. Эпидемиологиялық деректерді жинау, өңдеу және талдау жүйелерін біріздендіру, түрлі ақпараттық платформалар арасындағы интеграцияны күшейту өзекті болып отыр.

Жаңа жаһандық қауіптер мен елдің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін ескере отырып, санитариялық-эпидемиологиялық қызметті дамытудың негізгі перспективалық бағыттарын келесідей тұжырымдауға болады:

Қоғамдық денсаулық сақтау жүйесімен толық интеграция. Профилактикалық медицина, мінез-құлықтық тәуекел факторларын басқару, скринингтік бағдарламалар санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің дәстүрлі функцияларымен үйлесімді байланыстырылуы тиіс.

Тәуекелге негізделген бақылауды жетілдіру. Қоршаған орта факторлары мен өндірістік объектілердің ықпалын модельдейтін цифрлық құралдарды, геоақпараттық жүйелерді пайдалану тәуекелдерді дәл бағалауға мүмкіндік береді.

Аймақтық зертханалық желіні күшейту. Әсіресе шекара маңындағы және биологиялық қауіптері жоғары өңірлерде жоғары деңгейлі қауіпсіздік зертханаларын дамыту маңызды.

Кадрларды даярлау және ғылыми әлеуетті арттыру. Санитариялық-эпидемиологиялық бағыттағы магистратура және докторантура бағдарламаларын қолдау, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту қажет.

Биологиялық қауіпсіздік және One Health тұжырымдамасы. Адам, жануарлар және қоршаған орта денсаулығын өзара байланыста қарастыратын тәсіл Қазақстандағы санитариялық-эпидемиологиялық саясаттың ұзақмерзімді векторына айналуы тиіс.

Қорытынды

Қазақстан Республикасындағы санитариялық-эпидемиологиялық қызмет тарихы – қоғамдық денсаулық сақтаудың эволюциясын, мемлекет пен қоғамның жұқпалы аурулар, қоршаған орта қауіптері және биологиялық қатерлерге деген жауап беру қабілетін көрсететін айқын индикатор.

XX ғасырдың 20–30-жылдарында санитарлық инспекциялар мен эпидемиологиялық станциялар құру арқылы негізі қаланған бұл жүйе кеңестік кезеңде ұйымдастыру жағынан нығайып, инфекциялық патологияны бақылауда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Тәуелсіздік жылдарында экономикалық және институционалдық дағдарыстарға қарамастан, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жаңа құқықтық базаға, нарықтық экономика жағдайына бейімделді. 1994 және 2002 жылдардағы заңдар, 2020 жылғы Денсаулық сақтау кодексі санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз етудің заманауи нормативтік негізін қалыптастырды.

2010–2025 жылдар аралығында жүргізілген қайта ұйымдастырулар санитариялық-эпидемиологиялық қызметті денсаулық сақтау жүйесінің қоғамдық денсаулық бағытымен жақындастырып, Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті және Ұлттық сараптама орталығы сияқты институттар арқылы эпидемиологиялық қауіптерге кешенді жауап беруге мүмкіндік берді. COVID-19 пандемиясы бұл қызметтің стратегиялық маңызын айқын көрсетіп, оның құқықтық және ұйымдастырушылық дамуын одан әрі жеделдетті.

Алдағы кезеңде Қазақстан санитариялық-эпидемиологиялық қызметті күшейту арқылы ғана денсаулық сақтау жүйесінің төзімділігін арттырып, халықтың өмір сүру сапасын жақсартып алады. Бұл үшін кадрлық әлеуетті

нығайту, зертханалық инфрақұрылымды жаңғырту, цифрлық трансформацияны тереңдету және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту шешуші мәнге ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Клебанов, Я. А. Санитарно-эпидемиологическая служба Казахской ССР. – Алма-Ата, 1982.
2. Kokeybayeva, G. Infectious Disease Epidemics in Kazakhstan in the 1900... // Pertanika J. Social Sciences & Humanities, 2024.
3. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 8 шілдедегі № 110-ХІІІ «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» Заңы.
4. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы № 361-ІІ «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» Заңы (кейінгі өзгерістермен және толықтырулармен).
5. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі, 7 шілде 2020 ж., № 360-VІ.
6. Об утверждении Положения о Государственной санитарно-эпидемиологической службе Республики Казахстан, Постановление Правительства РК, 1995 ж.
7. Постановление Правительства Республики Казахстан от 17 февраля 2017 года № 71 «О реорганизации Комитета по защите прав потребителей и создании органов охраны общественного здоровья».
8. Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан: ресми интернет-ресурс.
9. Бюрабекова, Л. В. Развитие санитарно-эпидемиологической службы: международный опыт и вызовы для Казахстана // Research Result, 2023.
10. В Казахстане впервые отметили День работника санитарно-эпидемиологической службы // Ұлттық сараптама орталығының ресми сайты, 15.09.2025.
11. История медицины Казахстана по архивным материалам // e-history.kz, 2014.

ИСТОРИЯ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Курбанбеков Сырым Жиенкулович

магистрант, Академия государственного управления при Президенте
Республики Казахстан, г. Астана, Казахстан

Научный руководитель: PhD Муксимов Салаулат Сыйлыбайулы

В статье рассматриваются основные этапы становления и развития санитарно-эпидемиологической службы в Республике Казахстан. Цель исследования – проследить институциональную эволюцию санитарно-эпидемиологической службы от раннего советского периода до современных реформ, осуществляемых в контексте глобальных эпидемиологических вызовов и трансформации системы здравоохранения. На основе анализа исторических источников, законодательных актов и современных программ развития здравоохранения показано, что санитарно-эпидемиологическая служба прошла путь от жестко централизованной структуры в условиях плановой экономики к более гибкой системе, основанной на риск-ориентированном государственном контроле и принципах общественного здравоохранения.

Отдельное внимание уделяется правовому оформлению санитарно-эпидемиологического благополучия населения, включая законы 1994 и 2002 годов, а также Кодекс «О здоровье народа и системе здравоохранения» 2020 года, интегрировавший санитарно-эпидемиологические нормы в общую архитектуру здравоохранительного законодательства. Показана роль Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения РК и Национального центра экспертизы в обеспечении готовности к чрезвычайным ситуациям санитарно-эпидемиологического характера, что особенно проявилось в период пандемии COVID-19.

Сделан вывод о необходимости дальнейшего укрепления кадрового и лабораторного потенциала, цифровизации эпидемиологического надзора и развития международного сотрудничества в сфере биологической безопасности.

Ключевые слова: санитарно-эпидемиологическая служба, санитарно-эпидемиологическое благополучие, общественное здоровье, государственный санитарный надзор, инфекционные заболевания, Казахстан.

HISTORY OF THE SANITARY AND EPIDEMIOLOGICAL SERVICE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Kurbanbekov Syrim Zhienkulovich

Master's student, Academy of Public Administration under the
President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

Scientific supervisor: PhD Salauat Syilybaiuly Muksimov

The article explores the main stages in the development of the sanitary and epidemiological service in the Republic of Kazakhstan. The purpose of the study is to trace the institutional evolution of this service from its formation in the early Soviet period to the current phase of reforms carried out in the context of global epidemiological challenges and health system transformation. Drawing on historical sources, national legislation and contemporary health policy documents, the paper shows how the sanitary and epidemiological service evolved from a strictly centralized structure under the planned economy to a more flexible system based on risk-oriented state control and modern principles of public health.

Special attention is paid to the legal framework of sanitary and epidemiological well-being of the population, including the 1994 and 2002 laws “On sanitary and epidemiological welfare of the population” and the 2020 Code “On people’s health and the health care system”, which integrated sanitary and epidemiological provisions into the unified architecture of health legislation. The role of the Committee for Sanitary and Epidemiological Control of the Ministry of Health and the National Center for Expertise in ensuring preparedness for sanitary-epidemiological emergencies is highlighted, with a particular focus on the COVID-19 pandemic as a stress test for the national system.

The study concludes that strengthening human resources, upgrading laboratory infrastructure, deepening digitalization of epidemiological surveillance and expanding international cooperation in the field of biological safety are key prerequisites for the further development of Kazakhstan’s sanitary and epidemiological service.

Keywords: sanitary and epidemiological service, sanitary and epidemiological welfare, public health, state sanitary supervision, infectious diseases, Kazakhstan.

REFERENCES

1. Klebanov, Ya. A. (1982). Sanitary and Epidemiological Service of the Kazakh SSR (in Russian). Alma-Ata.
2. Kokebayeva, G. (2024). Infectious Disease Epidemics in Kazakhstan in the 1900s. *Pertanika Journal of Social Sciences & Humanities*.
3. Law of the Republic of Kazakhstan dated July 8, 1994 No. 110-XIII “On Sanitary and Epidemiological Well-Being of the Population” (in Kazakh/Russian).
4. Law of the Republic of Kazakhstan dated December 4, 2002 No. 361-II “On Sanitary and Epidemiological Well-Being of the Population” (as amended) (in Kazakh/Russian).
5. Code of the Republic of Kazakhstan “On Public Health and Healthcare System,” July 7, 2020 No. 360-VI (in Kazakh/Russian).

6. “On Approval of the Regulation on the State Sanitary and Epidemiological Service of the Republic of Kazakhstan,” Resolution of the Government of the RK, 1995 (in Russian).
7. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 71 dated February 17, 2017 “On the Reorganization of the Consumer Protection Committee and Establishment of Public Health Protection Bodies” (in Russian).
8. Committee for Sanitary and Epidemiological Control of the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan: Official website (in Kazakh/Russian).
9. Byurabekova, L. V. (2023). Development of the Sanitary and Epidemiological Service: International Experience and Challenges for Kazakhstan. Research Result.
10. “Kazakhstan Celebrated the Day of Sanitary and Epidemiological Service for the First Time” (2025). Official website of the National Center for Expertise (in Kazakh/Russian).
11. “History of Medicine in Kazakhstan Based on Archival Materials” (2014). e-history.kz (in Russian).